

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ  
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ  
БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ  
«УПРАВЛЕНИЕ  
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ**

080012, Таразқаласы, Төле би даңғылы, 35  
тел.: 43-88-05, факс: 43-89-20.  
E-mail: bilim-jambyl@yandex.kz

080012, город Тараз, пр. Төле би, 35  
тел.: 43-88-05, факс: 43-89-20.  
E-mail: bilim-jambyl@yandex.kz

30.01.2025 м № 02-377

**Аудандық, Тараз қалалық білім  
бөлімдері мен басқармаға қарасты  
мекемелердің басшыларына**

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы «Аспара» мәнерлік өнер және бизнес колледжінің 2025 жылдың 27 қаңтардағы №312 хатын ақпарат үшін жолдайды.

Қосымша: 5 парақ.

Басшының м.а.

**Л.Кзылкулова**

*Э.Амангельдина*  
43-88-34

«АСПАРА»  
мәнерлік өнер және бизнес  
колледжі мекемесі

Учреждение колледжа  
модельного искусства и бизнеса  
«АСПАРА»



080000 Тараз қаласы  
Рахимов көшесі №1 үй  
Тел/Факс: 8 (7262)345583  
E-mail: aspara.college@mail.kz  
№ 312

080000 г. Тараз  
ул. Рахимова, 1  
Тел/Факс: 8(7262)345583  
E-mail: aspara.college@mail.kz  
« 27 » 01 2025 ж.

**"Жамбыл облысы әкімдігінің білім  
басқармасы" КММ-нің басшысы  
Р.Н. Садырқұловқа**

Құрметті Рауан Нұрғалиұлы! Аспара колледжі жастардың ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттыру және сурет салу өнерін оқушылардың арасында насихаттау мақсатында 2025 жылдың 1 наурызында «Қазақ даласының қазыналары» тақырыбында сурет салу өнерінен байқауды ұйымдастыруда. Осы байқауды ұйымдастыруда Сізден ақпараттық қолдау көрсетуіңізді және облыс мектептерінде оқитын оқушыларды қатыстыруға ықпал етуіңізді сұраймын. Байқаудың негізгі ережелері қосымшада (8-беттік) көрсетілген.

Колледж директоры

А.О.Шенцова

Орын.: Сейдахметов Б.Қ.  
Тел.: 8-776-539-39-01

|  |
|--|
| ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ<br>ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ<br>БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ<br>КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛІКЕТТІК<br>МЕКЕМЕСІ |
| № 27 01 24   |

**«БЕКТЕМІН»**

«Аспара» мәнерлік өнер және бизнес  
колледжінің директоры

А.О. Шенцова

« 20 » 01 2025 ж.

**Жоғары сынып оқушылары арасында «Қазақ даласының қазыналары»  
тақырыбындағы жас суретшілер байқауының  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы ереже 9, 10, 11 сынып оқушылары арасындағы жас суретшілер байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізудің тәртібін айқындайды.

1.2. Байқаудың мақсаттары:

- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- көркемдік талғам қалыптастыру;
- қазақ даласының мәдени мұрасы мен рухани өміріне назар аудару.

**2. Байқауды ұйымдастырушылар**

2.1. Байқауды ұйымдастырушылар: «Аспара» мәнерлік өнер және бизнес колледжі.

2.2. Ұйымдастырушылардың міндеттері:

- байқауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету;
- жұмыстарды бағалау үшін қазылар алқасын құру;
- жеңімпаздарды марапаттауды қамтамасыз ету.

2.3. Ұйымдастырушылар байқау туралы ақпаратты ресми сайттар, әлеуметтік желілер және басқа қолжетімді байланыс арналары арқылы таратады.

**3. Байқау қатысушылары**

3.1. Байқауға Жамбыл облысы мектептерінің 9, 10, 11 сынып оқушылары қатыса алады.

3.2. Байқауға қатысу үшін белгіленген үлгідегі өтінімді (Қосымша-1) 27.02.2025 ж. дейін [aspara.konkursrisunkov@mail.ru](mailto:aspara.konkursrisunkov@mail.ru) электрондық поштасына жіберу керек немесе қосымшада көрсетілген сілтеме не QR-код бойынша сауалнаманы толтыру қажет.

**4. Байқауды өткізу шарттары мен тәртібі**

4.1. Байқау тақырыбы: «Қазақ даласының қазыналары».

4.2. Қатысушылар байқау барысында өз жұмыстарын тікелей орындайды.

4.3. Сурет салу техникасы бойынша шектеулер жоқ (акварель, гуашь, майты бояу, қарындаш, пастель және т.б.).

4.4. Байқау оффлайн форматында Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 39 мекенжайы бойынша орналасқан «Аспара» колледжінің ғимаратында 1.03.2025 ж., сағат 11:00-де өтеді.

4.5. Қатысушылар материалдар мен құралдарын өздерімен бірге әкелуі тиіс. Ұйымдастырушылар тек жұмыс орнын (мольберттер, үстелдер, жұмыс қағазы және т.б.) ұсынады.

4.6. Қатысушылар байқау өтетін орынға іс-шара басталмас бұрын 30 минут бұрын келуі керек.

### 5. Бағалау критерийлері

5.1. Қатысушылардың жұмыстары келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- байқау тақырыбына сәйкестік;
- идеяның ерекшелігі;
- техникалық шеберлік;
- композициялық шешім;
- жалпы көркемдік әсер.

5.2. Жұмыстарды кәсіби суретшілерден, педагогтардан және ұйымдастырушылар өкілдерінен құралған қазылар алқасы бағалайды.

5.3. Қазылар алқасы ерекше жетістіктер үшін арнайы номинациялар (мысалы, «Үздік этнографиялық мотив» немесе «Ерекше стиль үшін») тағайындай алады.

### 6. Қорытынды шығару және марапаттау

6.1. Байқау нәтижелері оның өткізу күні анықталады.

6.2. Жеңімпаздар дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады:

- I орын (2 адамға) – Аспара колледжінің құрылтайшысы атынан берілетін «Киім дизайны» мамандығына грант;
- II орын (2 адамға) – Аспара колледжінде өтетін жаздық бір айлық киім тігу және пішу курсы;
- III орын (2 адамға) – Аспара колледжі атынан сыйға брендтік заттар.

6.3. Барлық қатысушыларға және олардың жетекшілеріне конкурста қатысқандығы туралы сертификаттар беріледі.

6.4. Жеңімпаздар мен қатысушылардың жұмыстары байқау қорытындысы бойынша ұйымдастырылған көрмеде ұсынылуы мүмкін.

### 7. Байқауды қаржыландыру

7.1. Байқауды қаржыландыру «Аспара» мәнерлік өнер және бизнес колледжі есебінен жүзеге асырылады.

7.2. Қатысушылардың жол жүру және тамақтану шығындары қатысушы тарап есебінен жүргізіледі.

### 8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы ереже байқауды өткізу тәртібін реттейтін ресми құжат болып табылады.

8.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар байқау ұйымдастырушыларымен енгізіледі және қатысушыларға алдын ала хабарланады.

8.3. Байқауға қатысу қатысушылар мен олардың заңды өкілдерінің іс-шара аясында жеке деректерді өңдеуге келісімін білдіреді.

8.4. Байқауға ұсынылған жұмыстар ұйымдастырушылар тарапынан авторлығы көрсетіле отырып, коммерциялық емес мақсаттарда (көрмелер, басылымдар) пайдаланылуы мүмкін.

**Қосымша сұрақтар бойынша:**

Тел.: 8-776-539-39-01

Мекен-жай: Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 39 үй

Электрондық пошта: [aspara.konkursrisunkov@mail.ru](mailto:aspara.konkursrisunkov@mail.ru)

Әлеуметтік желілерде:

Instagram, Facebook, Tik-tok: @aspara.college

1-нұсқа

«Қазақ даласының қазыналары» тақырыбындағы  
сурет байқауына қатысуға

## ӨТІНІШ

|   |  |
|---|--|
| Қатысушының аты-жөні  |  |
| Қатысушының байланыс деректері<br>(ұялы телефон, электронды пошта). |  |
| Жетекшінің аты-жөні*  |  |
| Жетекшінің байланыс деректері (ұялы<br>телефон, электронды пошта).  |  |
| Мектептің атауы   |  |
| Қатысушының жетістіктері (бар болған<br>жағдайда)                   |  |

Өтінімді жіберген күні: \_\_\_\_\_

2-нұсқа

<https://forms.gle/MzeBisXcJUrBqSDEA> осы сілтеме бойынша

немесе QR-код бойынша өту

